

**2023 жылдың 09-20 қазан аралығында өткен
әлеуметтік педагогтер онкүндігінің есебі**

2023 жылдың 09-20 қазан аралығында әлеуметтік педагогтер онкүндігі өткізілді. Жоспар бекітіліп, жұмыс жоспар бойынша жүргізілді. Мектеп дәлізінде «Бала құқығы» туралы бұрыш ұйымдастырылды. Бұрыштың мақсаты балаларға өз құқықтарын білу, оны білудің маңызы айқын көрсетілді. Сонымен қатар, 6-7 сыныптардан өз құқығынды білесің бе? Тақырыбында әлеуметтік сауалнама алынды. Сауалнаманың негізгі мақсаты оқушылардың өз құқығы туралы білімнің деңгейін анықтау. Сауалнамаға жалпы 67 оқушы қатысты. Сауалнаманың нәтижесі есептеліп, анықтама толтырылды. Әлеуметтік педагог А.Т. Бигелдиева 16 қазан күні 5 сынып оқушыларына «Дұрыс тамақтану», «Дұрыс тамақтанудың маңызы» тақырыбында сабақтар өткізілді. Мектеп сайтына ата аналар, оқушыларға «Дұрыс тамақтану» туралы ақпарат жарияланды. Әр түрлі құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, сабақтан көп қалатын, оқуында қиындықтары бар балалардың тұрмыстық жағдайын, отбасындағы психологиялық жағдайын зерделеу мақсатында 9 оқушының пәтеріне акт толтырылды. Әлеуметтік педагог Исаева Р.С қалалық қорғаншылық кеңесіне жетім, ата ана қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларының тұрмыстық жағдайы туралы есеп берілді. Ата аналарға отбасындағы қарым қатынастың бала тәрбиесіне маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1-4 сыныптар арасында «Жақсы мен жаман әдеттер» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

